

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы
темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 1 тамыз N 856

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2001 жылғы 26 сәуірде Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы темір жол көлігі саласындағы
ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы
темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(2003 жылғы 29 наурызда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон
Республикасының Үкіметі,

тең құқылы әріптестік пен өзара сыйластық қағидаттарын негізге ала отырып,
екі мемлекеттің темір жол көлігі жұмысын үйлестіруге маңызды мән берे отырып,

жүктөр мен Жолаушылардың екі мемлекеттің арасындағы тікелей халықаралық
темір жол қатынасында және олардың аумақтары арқылы транзиттік тасымалдауды
дамытудың ерекше маңыздылығын тани отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер мынадай мағынаны білдіреді:

"Тараптардың құзыретті органдары":

Қазақстандық тараптан:

- Қазақстан Республикасының

Көлік және коммуникациялар

министрлігі;

Эстондық тараптан

- Эстон Республикасының

Көлік және байланыс

министрлігі.

"темір жол әкімшіліктері":

Қазақстандық тараптан:

кәсіпорны;

Эстондық тараптан:

- "Қазақстан темір жолы"
республикалық мемлекеттік

- Құзыретті орган уәкілеттік
берген темір жол кәсіпкерінің
әкімшілігі.

Құзыретті органдар мен темір жол әкімшіліктерінің атаулары өзгерген жағдайда,
Тараптар бұл туралы кідіріссіз құлақтандырады.

"қызмет персоналы"

- екі мемлекеттің темір жол
көлігінің осы Келісімнен
туындайтын міндеттерді тікелей
орындауши қызметкерлері

(лауазымды тұлғалар).

2-бап

1. Тараптар темір жол көлігі саласында өндірістік, экономикалық және
ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы мен
Эстон Республикасының арасындағы тікелей халықаралық темір жол қатынасында
және олардың аумақтары арқылы транзиттік тасымалдарды одан әрі дамыту және
жетілдіру жөнінде қажетті көмек көрсетеді.

2. Тараптар тиісті мемлекеттердің аумақтарында қызмет персоналының біліктілік
куәліктерін өзара таниды.

3-бап

Тараптар белгіленген тәртіппен Тараптардың құзыретті органдарына және темір
жол әкімшіліктеріне осы Келісімнің ережелерін іске асырудың нақты жағдайларына
қолданылатын тәптіштелген тәртібін көздейтін шарттар жасасуға өкілеттік береді.

4-бап

Қазақстан Республикасы мен Эстон Республикасының арасындағы тікелей
халықаралық темір жол қатынасында және олардың аумақтары арқылы транзитпен
жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған тарифтерді белгілеу қагидаттары,
олар қатысушылары болып табылатын теміржол көлігі саласындағы халықаралық
шарттар негізінде анықталады.

5-бап

Екі мемлекеттің арасындағы тікелей халықаралық теміржол қатынасында және олардың аумақтары арқылы транзитпен жолаушылар мен жүктөрді тасымалдау үшін, сондай-ақ жүк вагондары мен контейнерлерді бірлесіп пайдаланғаны үшін темір жол әкімшіліктерінің арасындағы есеп айырысулар мен төлемдер тәртібі жекелеген шарттармен айқындалады.

6-бап

Тараптардың құзыретті органдары тиісті мемлекеттердің аумақтарында тікелей халықаралық теміржол қатынасы, транзитті үшін кедергілердің туындауы туралы және осы кедергілердің жойылғандығы туралы кідіріссіз хабарлауды қамтамасыз етеді.

7-бап

1. Тараптардың құзыретті органдары және теміржол әкімшіліктері өзара келісім бойынша белгіленген тәртіппен екінші Тарап мемлекетінің аумағында өзінің қызмет **п е р с о н а л ы н ж і б е р е а л а д ы .**

2. Қызмет персоналы екінші Тарап мемлекетінің аумағында өз міндеттерін халықаралық нормаларға, ережелерге және болатын мемлекеттің ұлттық зандарына сәйкес орындаиды.

8-бап

1. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындаған кез келген дау Тараптардың арасындағы тікелей келіссөздер мен консультациялар арқылы **ш е ш і л е д і .**

2. Осы Келісімге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің 11-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

9-бап

Осы Келісім Тараптардың олар жасасқан басқа да халықаралық шарттардан туындаитын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

10-бап

Осы Келісім мерзімі белгіленбей жасалады және Тараптардың бірі екінші Тарапқа оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын жолдаған күннен бастап 6 ай өткенге дейін күшінде қалатын болады.

11-бап

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап 30-шы күні үшінде күшінен енеді.

Алматы қаласында 2001 жылғы 26 сәуірде әрқайсысы қазақ, эстон және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің мәтінін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

**Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін** **Үкіметі үшін**

Эстон Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкىктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК